

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстандағы волонтерлікті дамытудың жай-күйі мен перспективалары// «TALAP» қоғамдық қоры. Қолданбалы зерттеулер орталығы. -Астана, 2019.-Б.92
2. Тұрғанбекова Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы. – 2015. -Б. 208
3. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі//Ғылыми-практикалық конференция материалдары). – Алматы-2018.-Б.921
4. «Математика және Логика» журналдары №3 2013 жыл, №1, 2015 жыл
5. Нагибин Ф.Ф., Канин Е.С. Математическая шкатулка. –Москва: Просвещение. -2015. -Б.198
- 6.Қазақстан Республикасының Заңы: «Волонтерлік қызмет туралы// parlam.kz/mazhilis/download/966

ОӘЖ178.11.43

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫ МЕКТЕПТЕГІ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУҒА КӘСІБИ ДАЯРЛАУ

Хуанбек Айгерим

aa1999@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, магистрант,

Ғылыми жетекші – П.Б.Сейітқазы, п.ғ.д., профессор

Интернет кеңістігіндегі буллинг, агрессивті мінез-құлық біздің елімізде де, шетелдерде де жасөспірімдер арасында жиі кездесе бастағаны баршамызға мәлім. Бұның себебі: жаһандану жағдайындағы еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін сандық гаджеттер қолданатындығымен тікелей байланысты. Себебі бұл құралдардың тек байланыс құралы ретіндегі өзектілігі жайына қалып, қазіргі уақытта ақпарат көзі, ойын құралы ретінде де қолданады. Сонымен қатар, барлығына бірдей әлеуметтік желілердің қол жетімдігі тағы бар. Әлеуметтік желілердің жалпыға бірдей қол жетімділігі қазіргі уақыттағы кибербуллингтің өте кең таралып, ең өзекті мәселеге айналып отыруына себепші болып отыр. Яғни ақпараттық технологиялар мен басқа да байланыс құралдарының дамуымен жасөспірімдерді қудалау нақты өмірден интернетке көшті десек болады. Мұндай психологиялық зорлық-зомбылықтың түріне мектептегі жасөспірімдер жиі ұшырайды. Қазақстан үшін жасөспірімдер арасындағы кибербуллинг мәселесі өте өзекті. Статистикалық мәліметерге сүйенсек, жыл сайын Қазақстандағы балалардың 60-65%-ы зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің, кибербуллингтің куәсі болғанын, оның 40-45%-ы буллинг құрбаны болғанын, қалғаны 20%-ға жуығы өзге балаларға қатысты зорлық -зомбылық, қорқыту, кемсіту әрекеттерін жасағандарын хабарлаған[2,82 б.]. Осылардың арасында кибербуллинг буллингге қарағанда сирек кездеседі.

Мектептегі буллингтің, кибербуллингтің алдын алу мәселесінде әлеуметтік педагогтың рөлі ерекше. Сол себепті де, әр болашақ әлеуметтік педагог мамандарын кибербуллингтің алын алуға кәсіби түрде даярлау мәселесі өте өзекті болып табылады.

Әлеуметтік педагог әртүрлі категориядағы субъектілермен балалармен, жасөспірімдермен, жастармен, ересектермен, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыратын, тұлғанын дамуы мен әлеуметтенуіне ықпал ететін маман.[1,15]

Қазақстан Республикасының әлемдік біртұтас білім кеңістігіне ену жағдайында (Лиссабон Декларациясына қол қоюы, Болон үдерісіне қатысуы) мамандардың бәсекеге қабілеттілігі мен дайындау сапасын арттыру заманауи білім беру жүйесіндегі ең маңызды міндеттерінің бірі.

Жоғары кәсіби білім беру құрылымы мен құрамының өзгеруі, болашақ маманды даярлау деңгейлеріне қойылатын талаптардың артуы педагогикалық білім беру жүйесінде мамандарды дайындауда жана мазмұнды тәсілдер мен тәжірибелердің енгізілуін көздейді. Білім беру саласындағы бірқатар нормативтік құжаттарда: ҚР Білім туралы Заңында, Қазақстан Республикасының педагогикалық үздіксіз білім беру Тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адам капиталы, бәсекеге қабілетті кадрлардың сапасын жақсартудың және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу мен оқытуға қол жеткізу маңыздылығы белгіленген.

Жоғарыда айқындалған мемлекеттік білім беру саясатындағы нормативтік құжаттардағы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда, білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне бағытталған инновациялық тәжірибелер қатарындағы әлеуметтік педагогтарды дайындау үдерісін жүзеге асырудың өзектілігі айқындалады. [1,8] Осы тұрғыда әлеуметтік педагогика саласындағы әлеуметтік педагог кадрларын дайындау мәселесі Г.Ж.Меңлібекова, М.Т.Баймуқанова, Р.И.Бурганова, А.К.Жексембинова сынды көптеген авторлардың еңбектерінде қарастырылған. Зерттеулерге сүйене отырып, қай кезеңде болмасын әлеуметтік педагог кадрларына деген сұраныстың өзекті болғандығына көз жеткізе аламыз, ал қазіргі ақпараттық техниканың дамыған шағында әлеуметтік педагогика саласындағы білікті мамандарға деген сұраныс одан сайын өсе түсті.

Жоғарыда айтылғандай, буллингке, кибербуллингке жиі кез болатындар – жасөспірімдер. Ал жасөспірімдердің жиі уақыт өкізетін орны әрине - білім беру мекемесі. Білім беру мекемесінде жайлы, қауіпсіз жағдай жасау үшін мектептегі зорлық-зомбылықтың әртүрлі нысандары мен түрлерінің алдын алу үшін әлеуметтік педагогтардың жан-жақты ғылыми-ұйымдастырушылық, әдістемелік дайындығы маңызды екені анық. Сол үшінде универсиет қабырғасында оқып жүрген болашақ әлеуметтік педагогтар үшін: «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», «Әлеуметтік педагог жұмысының әдістемесі мен технологиясы», «Девиантты мінез-құлық психологиясы» сияқты оқу лекцияларын тыңдау маңызды. Бұл лекциялармен таныса отырып, болашақ әлеуметтік педагогтар «мектептегі буллинг, кибербуллинг» терминімен, осы жағымсыз құбылыстардың мәні мен түрлерімен, оның басқа зорлық-зомбылық түрлерінен айырмашылығымен танысады.

Сонымен қатар студенттер оқу пәндеріндегі лекциялардан бөлек, практикалық тапсырмаларды орындау арқылы: мектептегі кибербуллингтің анықтау, профилактикалық жұмыстарды жүргізу жолдарын үйренеді. Әлеуметтік білім беру теориясын тәжірибемен ұштастыру арқылы әлеуметтік білім берудегі мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға, елдің адами капиталының қалыптасуына ықпал ете отырып, мамандардың бәсекеге қабілеттілігін, инновациялық ептілігін, белсенділігін арттыруға болады.

Әлеуметтік педагог психолог, медиатор дағдыларын меңгеруі керек. Әлеуметтік педагогтың ата-аналармен, өзге педагогтармен, балалармен сенімді қарым-қатынас орнатуы маңызды. Кез келген оқушының педагогке сенім артып, уайым туғызатын мәселелерімен бөлісе алуы үшін оқушы өзінің сенімді адамның жанында екенін, қорғалған сезінуі қажет. Демек, болашақ әлеуметтік педагогты даярлаудағы міндеттің бірі – балалармен жұмыс жасауды, ұжымды біріктіре алуға, балалардың назарын аударуға білуге, топтық және жеке жұмыстарды ұйымдастыра білуге даярлау болып табылады [2, 84 б].

Болашақ әлеуметтік педагогтарды кибербуллинг белгілерін анықтауға және оған қарсы тұруға үйрету «Кәсіби қызметтегі информатика және ақпараттық технологиялар», «Жасөспірімдердің девиантты және делинквентті мінез-құлқының алдын алуға мультимедиялық технологияларды қолдану» сияқты пәндер курсына жүзеге асырылады. Сонымен қатар

университет қабырғасында студенттер кибербуллингке қарсы әрекет етудің әртүрлі нұсқаларымен танысуы қажет, атап айтар болсақ: а) сайтты техникалық жою, оның жұмыс істеуін блоктау; б) заңды тұлғаның беделіне нұқсан келтіретін мәліметтердің болуы туралы полицияға арыз; в) кибербуллинг мақсатында жазылған хабарламаларды алғандығы туралы сынып жетекшісіне, мектеп директорына әкімшілік шағым және т.б.[3].

Болашақ әлеуметтік педагог балалар мен ата-аналарды кибербуллинг жағдайында олардың құқықтары мен ықтимал әрекеттері туралы хабардар етуге дайын болуы керек. Кибербуллингтің алдын алу қазіргі мектептің ең маңызды педагогикалық міндеттерінің бірі, бүкіл білім беру ұжымының абыройлы ісі болып табылады. Осыған орай, студенттердің «жәбірленушінің мінез-құлқы» психологиясы, тәуекел тобындағы балалармен және ата-аналарымен жұмыс, тұлға психологиясы және жәбірленуші позициясындағы мұғалімнің мінез-құлқы туралы ғылыми мәліметтермен танысып, әлеуметтік педагогтың оқушылардың кибербуллингке ұшырауының алдын алу бойынша мұғалімдермен жүргізілетін жұмысының әдістемесін білуі маңызды болып табылады [2,85 б].

Сонымен қатар, болашақ әлеуметтік педагогтарды дайындау - олардың бойында жоғары адамгершілік мәдениетті қалыптастыру, педагогикалық әдеп пен адамгершілік нормаларын мүлтіксіз сақтауға, әрбір баланың тағдырына немқұрайлы қарамауға, бірде-бір баланы назардан тыс қалдырмауға дайын болуды көздейді. Бұл ретте келешек мамандардың санасына әлеуметтік педагогтың балалармен жақын қарым-қатынасының дәрежесі, ұжым мүшелерінің ұнататын және ұнатпайтын жақтары, топ мүшелерінің балалармен қарым-қатынасын дамыту - зорлық-зомбылықтың алдын алудың маңызды шарттары болып табылатынын жеткізу қажет.

Қорыта айтқанда, мектептегі жасөспірімдер ортасының қауіпсіздігін жақсартуда, мектептегі профилактиканың тиімді кешенді бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуден бөлек, білікті мамандарды даярлаудың рөлі ерекше. Себебі, әрбір педагог қазақ елінің болашақ азаматын, елінің келешегінен үміт күттіретін тұлғасын тәрбиелеуде. Қазақстанның ең басы капиталы – адам десек, сол адами капиталды дамыту, бәсекеге қабілетті болашақ ұрпақты тәрбиелеу, талапқа сай білім беру, психо-эмоционалды тұрғыдан сау ұрпақ тәрбиелеу – мемлекеттің басты ұстанымы. Адами капиталдың жоғары деңгейін жақсы білім мен тәрбие қамтамасыз етеді. Білім мен тәрбиені беретін әлбетте педагог.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нурмуханбетова А.Н. Әлеуметтік педагогтарды тьюторлық іс-әрекетке дайындаудың ғылыми негіздері(диссертация). Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, 2021. – 203 б.
2. Б.К.Сақтағанов. Білім беру ұйымдарында буллингтің, кибербуллингтің, моббингтің алдын алудың психологиялық, педагогикалық аспектілері, «Білім» ғылыми-педагогикалық журналдың №3(102) нөмірі, 2022 жыл.- 78-85 б.
3. И.Н.Дашук, В.А.Николаев, К.В.Дашук. Профессиональная подготовка будущих социальных педагогов к предотвращению школьного буллинга. Ученые записки Орловского университета №1(82), 2019 жыл. – 217-218 с.<https://cyberleninka.ru/article/n/professionalnaya-podgotovka-buduschih-sotsialnyh-pedagogov-k-predotvrascheniyu-shkolnogo-bullinga/viewer>